Жалғыз қатысушының шешімімен
БЕКІТІЛДІ
(2017 жылғы «12 » қыркүйектегі №2 Шешім)

«БСК Секьюрити»

ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІНІҢ

ЖАРҒЫСЫ

Алматы-2017

1-бап. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. «БСК Секьюрити» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, бұдан әрі мәтін бойынша «Серіктестік», Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне, Қазақстан Республикасының 22.04.98 жылғы «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Заңына және басқа да заңнамалық актілерге сәйкес құрылған заңды тұлға болып табылады.

1.2. Серіктестік Қатысушылары болып келесілер табылады:

- **Данилов Бедран Нимрудович** - Қазақстан Республикасының азаматы, жеке куәлігі №041270833, 27.02.2017-26.02.2027 жылы Қазақстан Республикасының ІІМ берген, ЖСН 630221301050, тұрғылықты мекенжайы: Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Панфилов к-сі, 80-үй, 30-пәтер.

1.3. Заңды тұлғаның ресми (фирмалық) атауы:

- орыс тілінде - Товарищество с ограниченной ответственностью «БСК Секьюрити», қысқартылған ТОО «БСК Секьюрити»;
- қазақ тілінде - «БСК Секьюрити» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, қысқартылған: «БСК Секьюрити» ЖШС.

1.4. Меншік формасы - жеке.

1.5. «БСК Секьюрити» ЖШС (бұдан әрі мәтін бойынша «Серіктестік») орналасқан жері (заңды мекенжайы): Қазақстан Республикасы, 050013, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Ғабдуллин көшесі, 6-үй, 2-пәтер.

1.6. Серіктестіктің қызмет ету мерзімі шектелмеген. Серіктестік орта кәсіпкерлік субъектісі болып табылады.

2-бап. ЗАҢДЫ МӘРТЕБЕСІ

2.1. Серіктестік оны мемлекеттік қайта тіркеуден өткен сәттен бастап заңды тұлға құқын иемденеді.

2.2. Серіктестік меншік құқығында мүлікке, фирмалық атауға, жеке балансқа, банктерде және басқа да кредит мекемелерінде ағымдағы және басқа да шоттарға, өз атауы бар дөңгелек мөрге, фирмалық бланкаларға, тауар белгісіне және басқа да қажетті деректемелерге ие.

2.3. Серіктестіктің өз қызметінің мақсаттарына қол жеткізу үшін өз атынан мәмілелер жасасуға, мүліктік және беймүліктік құқықтар алуға, міндеттер көтеруге, сотта талапкер және жауапкер болуға құқығы бар.

2.4. Серіктестік Қазақстан Республикасының аумағында және шетелдерде филиалдары мен өкілдіктерін құруға, басқа заңды тұлғалар мен бірлестіктерге (одақтарға) кіруге, сондай-ақ еншілес компаниялар мен басқа заңды тұлғалар құруға қатысуға құқылы..

2.5. Серіктестік басқа заңды тұлғаларға құрылтайшы (қатысушы) және/немесе акционер бола алады.

2.6. Серіктестік Қазақстан Республикасында және шетелдерде жылжымалы және жылжымайтын мүліктің кез келген түрін салуға, иемденуге, иеліктен шығаруға, жалға алуға құқылы.

2.7. Серіктестік өз Қатысушыларының міндеттері бойынша жауап бермейді. Серіктестік Қатысушылары оның міндеттеріне жауап бермейді және Серіктестік қызметіне қатысты шығындарды Серіктестіктің жарғылық капиталына салған жарнасының құны шегінде көтереді, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайлардан басқалары.

3-бап. СЕРІКТЕСТІК ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТЫ МЕН ТҮРЛЕРІ

3.1. Серіктестікті құрудың және қызметінің негізгі мақсаты болып Қатысушылар мүддесінде табыс табу табылады.

3.2. Көрсетілген мақсаттарға жету үшін Серіктестік заңнамамен шектеу қойылмаған келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- Қауіпсіздіктің кешендік жүйесі;

- Қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында қызмет көрсету;
- атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыру, соның ішінде: радиоактивті заттармен, радиоактивті заттары бар аспаптармен және құрылғылармен жұмыс істеу; иондалатын сәулеленуді жинақтайтын аспаптармен және құрылғылармен жұмыс істеу; атом энергиясын пайдалану саласында қызметтер ұсыну;
- Бағдарламалық қамтамасыз етуді және компьютерлік жабдықтарды сату-сатып алу;
- Бағдарламалық қамтамасыз етуді енгізу;
- Бағдарламалық қамтамасыз ету және компьютерлік жабдықтарды техникалық қолдау мен сүйемелдеу;
- Бағдарламалық қамтамасыз ету мен дерекқорларды тіркеуде қолдау көрсету;
- Құрылыс жұмыстарын жүзеге асыру және құрылыс-жөндеу жұмыстарын жүргізу;
- Авторлық құқықтарды қорғауда, лицензияларды алуда көмек көрсету;
- Пайдаланушы қызметкерлерін оқыту;
- Бизнес бойынша ақыл-кеңес беру;
- Әр түрлі қолданысқа арналған түрлі өндірістік және ғылыми-техникалық өнімдер өндіру, сондай-ақ тұтыну тауарларын өндіру;
- Ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды орындау;
- Әзірлеушілерге заңгерлік және коммерциялық кеңестер беру;
- Брокерлік, дилерлік, дистрибьюторлық қызмет;
- Лизинг ұйымдастыру;
- Қоғамдық тамақтану орындарын және комиссиялық сауданы ұйымдастыру;
- Заңды және жеке тұлғаларға электроника, теле және радио байланыс құралдарының барлық түрлерін сатып алуда, орнатуда, жөндеуде қызмет көрсету;
- Толықтаушы бұйымдарды, соның ішінде есептеуіш техниканың, полиграфиялық құрал-жабдықтардың, сырттағы құрылғылар мен қондырғылардың электронды құрамдас бөліктерін қоса алғанда жобалау, сынақтан өткізу және өндіру, сату, сатып алу, айырбастау;
- Есептеу техникасының негізінде бағдарламалық қамтамасыз етуді бағдарламалау, жетілдіру және енгізу;
- Есептеуіш техникасы, қондырғылар мен құрал-жабдықтарды, соның ішінде полиграфиялық құрал-жабдықтарды құрастыру және техникалық қызмет көрсету;
- Дербес радиошақыру бойынша қызметтер;
- Радиожиілікті спектрді қолданумен байланысты қызметтер;
- Тұрмыстық, өндірістік мақсаттағы өнімдерді және халық тұтынатын тауарларын өндіру және сату;
- Баспалық, дыбыстық және бейнелік түріндегі оқу, әдістемелік, ғылыми-техникалық, жарнамалық және басқа да өнімдерді жетілдіру, басып шығару және көбейту;
- Тасушылардың сан алуан түрлерін пайдалану арқылы сандық түрде ақпаратты жетілдіру, басып шығару, көбейту және тарату;
- Оқыту, қайта даярлау және біліктілікті арттыру бойынша оқыту курстарын ұйымдастыру;
- Экспорттық-импорттық операцияларын жүзеге асыру;
- Сыртқы экономикалық қызмет;
- Адвокаттық қызметпен байланысты емес заңгерлік қызметтер көрсету;
- Жарнамалық, кеңес берушілік, сервистік, ақпараттық, басылымдық, маркетингтік, өкілдік қызметтер көрсету;
- Халық тұтынатын тауарларды көтерме, комиссиялық және бөлшек саудалау;
- Жабдықтау, өткізу, коммерциялық, сауда-делдалдық және саудалық-сатып алушылық қызметтерді жүзеге асыру;
- Құрылыс және жөндеу-құрылыс жұмыстары;
- Көліктік-экспедициялық қызмет;
- Көлікпен тасымалдау, автосервис;
- Фирмалық дүкендер желісін, сауда орындарын ашу;
- Бағдарламалық, жүйелік және ақпараттық өнімдер жасау және жүзеге асыру, компьютеринг, сынақ, патенттерді, лицензияларды, «ноухау» және қазіргі заманғы

технологияларды Қазақстан Республикасында және шетелдерде сату және иемдену;

- шифрлау (криптография) құралдарын тарату;
- шифрлау (криптография) құралдарына техникалық қызмет көрсету;
- ақпаратты шифрлау саласында қызмет ұсыну;
- мемлекеттік құпияны қорғау бойынша жұмыстар жүргізу;
- құпия ақпараттарды техникалық қорғау;
- Инженерлік-техникалық, электронды және электротехникалық жабдықтарды, аудио-визуалды, компьютерлік, микропроцессорлық техникаларды, автоматтандырылған байланыс құралдары мен хабар беретін құрылғыларды, факс-модем қызметін өндіру, жүзеге асыру мен қызмет көрсету және жөндеу соның ішінде іске қосу-жөндеу жұмыстары;
- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен тыйым салынбаған басқа да кез келген қызмет түрлерін жүзеге асыру.

Серіктестік қызметі осы Жарғыда көрсетілген қызмет түрлерімен

Егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Серіктестік қызметінің профильі бойынша осы Жарғының 3.2-тармақта көрсетілген бөлек қызмет түрлерін жүзеге асыру сәйкес тиісті хабарламаны, рұқсатты және /немесе лицензияны алуды талап етсе, Серіктестік бұл қызмет түрлерін мұндай хабарлама, рұқсат және /немесе лицензия болған кезде көрсетуге құқылы.

4-бап. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛЫ МЕН МҮЛКІ

4.1. Серіктестік мүлкі қатысушылардың жарғылық капиталға салымы, қатысушылардың қосымша салымы, шаруашылық және кәсіпкерлік қызметінен түскен пайда есебінен, сонымен қатар Серіктестік белгіленген заңнамалық тәртіппен алған және/немесе иемденген заем қаражаты және басқа да мүлкі есебінен қалыптасады. Серіктестіктің мүлкі оның балансында есепке алынады.

4.2. Серіктестік қызметін қамтамасыз ету үшін оның Жалғыз қатысушысы мемлекеттік қайта тіркеу сәтінде толығымен құрылған **117,000.00 (Жүз он жеті мың) теңге** мөлшерінде жарғылық капиталды құрды.

4.3. Серіктестіктің жарғылық капиталына салым ретінде ақша, бағалы қағаздар, заттар, мүліктік құқықтар, соның ішінде жер пайдалану құқы және жеке қызмет нәтижесіне және басқа да мүлікке берілген құқы болуы мүмкін. Салым ретінде мүліктік емес құқық және басқа да материалдық емес игіліктер бола алмады.

4.4. Жалғыз қатысушының Серіктестік мүлкіндегі үлесі оның Серіктестіктің жарғылық капиталындағы салымына пропорционал.

4.5. Серіктестікке жаңа Қатысушаларды қабылдауға немесе Серіктестіктен қандай да бір бұрынғы Қатысушылардың шығуына байланысты жарғылық капитал мөлшерін кез келген өзгерту қабылдау немесе шығу сәтінде Қатысушылардың үлесі қайта есептеуге әкеледі.

4.6. Жалғыз қатысушының шешімі бойынша Серіктестіктің жарғылық капиталының мөлшері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында орнатылған тәртіппен өзгертілуі мүмкін.

4.7. Серіктестіктің Жарғылық капиталын ұлғайту Серіктестіктің Жалғыз Қатысушысының салымдарына пропорционалды қосымша салымдар салу жолымен; Серіктестіктің жеке капиталы есебінен, соның ішінде резервтік капиталы есебінен; серіктестік құрамына жаңа қатысушылар алу есебінен қосымша салымдарды алумен жүзеге асырылуы мүмкін.

4.8. Серіктестіктің Жарғылық капиталын азайту Серіктестіктің Жалғыз қатысушысының салымдары мөлшерін қалған Қатысушылардың үлесін толық немесе бір бөлігін өтеу жолымен пропорционалды азайту жолымен жүзеге асырылады. Серіктестіктің Жарғылық капиталын мемлекеттік тіркеу сәтінде заңнамамен орнатылған ең төменгі мөлшерден төмен азайтуға болмайды.

4.9. Жалғыз қатысушының шешімі бойынша Серіктестік резервті капитал және басқа да қорлар құра алады. Резервтік капиталды және басқа да қорларды құруды Жалғыз қатысушының шешімдері және Серіктестіктің ішкі құжаттары анықтайды.

5-бап. СЕРІКТЕСТІК ҚАТЫСУШЫЛАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

5.1. Серіктестіктің Жалғыз Қатысушысы құқылы:

1) Қазақстан Республикасының «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Заңымен және осы Жарғымен көзделген тәртіпте Серіктестік ісін басқаруға қатысу;

2) Осы Жарғыда көзделген тәртіппен Серіктестіктің қызметі туралы ақпарат алуға, оның бухгалтерлік және өзге де құжаттамасымен танысуға;

3) Қазақстан Республикасының «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Заңына, осы Жарғыға және Серіктестіктің Жалғыз қатысушысының шешіміне сәйкес Серіктестік қызметінен табыс алуға;

4) Серіктестік таратылған жағдайда кредит берушілермен есеп айырысқаннан кейін қалған мүліктің бір бөлігінің құнын өз үлесіне барабар етіп ақшалай немесе заттай алуға;

5) Қазақстан Республикасының «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Заңында көзделген тәртіппен өз үлесін иеліктен шығару жолымен Серіктестікке қатысуын тоқтатуға;

6) Қазақстан Республикасының «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Заңында, осы Жарғыда көзделген құқықтарды бұзатын Серіктестік органдарының шешімдерін сот тәртібімен дауласуға.

5.2. Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы міндетті:

1) Серіктестіктің құрылтай құжаттарының талаптарын орындауға;

2) құрылтай құжаттарымен көзделген тәртіпте, мөлшерде және мерзімде серіктестіктің жарғылық капиталына салымдар салуға;

3) серіктестік коммерциялық құпия деп жариялаған мәліметтерді жария етпеуге;

4) серіктестіктің атқарушы органына орналасқан орнын өзгерту және жеке басын куәландыратын құжат деректерін өзгерту туралы жазбаша хабарлауға.

5.3. Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы Серіктестіктің құрылтай құжаттарымен және Қазақстан Республикасының заңнамаларымен көзделген басқа да құқықтар мен міндеттерге ие болуы мүмкін.

6-бап. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛЫНДАҒЫ ҮЛЕСТІҢ АУЫСУЫ

6.1. Жалғыз қатысушы үлесін (оның бөлігін) үшінші тұлғаға беруге (Серіктестік қатысушыларының құрамын өзгерту) немесе Жалғыз қатысушы үлесін (оның бөлігін) үшінші тұлғалар алдындағы Жалғыз қатысушының міндеттемелерін қамсыздандыруға кепіл ретінде беруге Жалғыз Қатысушының рұқсатысыз жол берілмейді.

6.2. Серіктестіктің Жалғыз қатысушысының үлесі оның мұрагерлеріне беріледі. Үлестің мұрагерге ауысуы және оны бірнеше мұрагерлер арасында бөлу Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес жүргізіледі.

7-бап. СЕРІКТЕСТІК ОРГАНДАРЫ

7.1. Серіктестік органдары болып келесілер табылады:

1) Серіктестіктің жоғарғы органы – Жалғыз қатысушы;

2) Серіктестіктің атқарушы органы (жалғыз) – Бас директор.

7.2. Жалғыз қатысушының ерекше құзыреттігіне келесілер жатады:

1) Серіктестік Жарғысын өзгерту, соның ішінде орналасқан орнын және фирмалық атауын, жарғылық капиталының мөлшерін өзгерту, немесе Серіктестік Жарғысын жаңа редакцияда бекіту;

2) Серіктестіктің атқарушы органын құру, және оның өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар серіктестікті немесе оның мүлкін сенімгерлік басқармаға беру туралы шешім қабылдау және осындай берудің шарттарын анықтау;

3) Серіктестіктің тексеру комиссиясын (тексерушіні) және (немесе) бақылау кеңесін сайлау және өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар есептерді және серіктестіктің тексеру комиссиясының (тексерушінің) тұжырымдамаларын бекіту;

4) Серіктестіктің жылдық қаржылық есептілігін, Тексеру комиссиясының (Тексерушінің) тұжырымдамаларын немесе аудитор тұжырымын бекіту және Серіктестіктің таза табысын тарату;

5) ішкі ережелерді, процедураларды және олардың қабылдануын және серіктестік қызметін реттейтін басқа да құжаттарды бекіту, осы Жарғымен Серіктестіктің басқа органдарының құзыреттігіне берілмеген құжаттардан басқалары;

6) Серіктестік филиалдарын және өкілдіктерін құру туралы шешім қабылдау;

7) Серіктестіктің басқа шаруашылық серіктестіктерге, сонымен қатар коммерциялық емес ұйымдарға қатысуы туралы шешім қабылдау;

8) серіктестікті қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешім қабылдау;

9) тарату комиссиясын тағайындау және тарату балансын бекіту;

11) Серіктестіктің бүкіл мүлкін кепілге қою туралы шешім қабылдау;

12) Қазақстан Республикасы Заңының «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» 39-бабына сәйкес серіктестік мүлкіне қосымша жарналар салу туралы шешім қабылдау;

13) Серіктестіктің Жалғыз Қатысушысына және үлес иегерлеріне серіктестік қызметі туралы ақпарат беру тәртібін және мерзімін бекіту.

Серіктестіктің Жалғыз Қатысушысы Жарғыдағы оның құзыретіне тәуелсіз Серіктестік қызметіне қатысты кез келген басқа мәселелерді қарастыруға қабылдауға құқылы.

Серіктестіктің Жалғыз Қатысушысы Серіктестіктің ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Серіктестіктің басқа органдарының кез келген шешімін болдырмауға құқылы.

7.3. Серіктестіктің Жалғыз Қатысушысының ерекше құзыретіне жататын шешімдер бір ауыздан қабылданады және жазбаша түрде рәсімделеді, бұл жағдайда Қазақстан Республикасы «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Заңының 44-49 баптарының ережелері қолданылмайды.

7.4. Серіктестік органдарының шешімін дауласу Қазақстан Республикасы Заңының «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» 50-бабына сәйкес анықталған тәртіпте және мерзімде жүзеге асырылады.

7.5. Серіктестік қызметін ағымдағы басқаруды және олардың ісін жүргізуді Бас директор жүзеге асырады.

7.5.1. Бас директор Серіктестіктің ағымдағы қызметіне қатысы бар барлық мәселелерді шешу өкілеттілігіне ие, тек осы Жарғымен немесе Жалғыз қатысушының шешімдерімен қабылданған өзге құжаттармен немесе заңнамалық актілермен Жалғыз қатысушының ерекше құзыретіне жатқызылғандардан басқалары, сонымен қатар:

1) Серіктестіктің Жалғыз Қатысушысының шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді;

2) үшінші тұлғаларға қатысты сенімхатсыз Серіктестік атынан әрекет етеді;

3) Серіктестік мүддесін білдіру құқығына сенімхат береді, соның ішінде қайта сенім білдіру құқымен;

4) Серіктестік атынан Қазақстан Республикасындағы және одан тысқары жерлердегі заңды және жеке тұлғаларға шағым білдіру туралы шешім қабылдайды;

5) Бас директор Серіктестік жұмысшыларын қабылдауды, орнын ауыстыруды және жұмыстан босатуды өз еркімен жүзеге асырады, Жұмысшыларды қызметке алу, оларды ауыстыру және жұмыстан босату туралы бұйрықтар шығарады, жұмысшылармен Серіктестік атынан жеке еңбек және/немесе ұжымдық шарттар жасайды, Жұмысшылардың штаттық кестесін және жұмыс режимін бекітеді, еңбек ақы төлеу жүйесін анықтайды, лауазымдық жалақы және жеке үстемелер мөлшерін орнатады, сыйақы мәселелерін шешеді, үстем ақы шараларын қабылдайды және тәртіптік жазалар береді; жыл сайынғы төленетін және басқа да демалыстарды анықтайды және көлемін және беру тәртібін орнатады;

6) өзі жоқ болған жағдайда өз міндеттерінің орындалуын өз орынбасарларының біреуіне береді;

7) Жалғыз қатысушының алдында қаржылық жыл қорытындылары бойынша Серіктестіктің қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижелері және Серіктестік ісінің ағымдағы күйі туралы есеп береді және Серіктестік қызметін әрі қарай дамыту бойынша әрекеттер жоспарын ұсынады.

8) Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына сәйкес есептің (бухгалтерлік, статистикалық, салықтық және т.б.) барлық түрлерін жүргізуді және есептіліктердің (бухгалтерлік, статистикалық, салықтық және т.б.) барлық түрін жасауды қамтамасыз етеді;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Серіктестік есебінің және есептілігінің дұрыстығына және жүргізу тәртібіне жеке жауап береді;

10) Серіктестіктің осы Жарғысымен Жалғыз қатысушының құзыреттігіне берілмеген басқа да өкілеттіліктерді, сонымен қатар оған Серіктестіктің Жалғыз Қатысушысы берген өкілеттіліктерді жүзеге асырады.

7.5.2. Серіктестіктің Бас директорын Жалғыз қатысушы бес жылдан артық мерзімге сайлайды және өз қызметінде толығымен Серіктестіктің Жалғыз Қатысушысына есеп береді.

7.5.3. Өз міндеттерін орындау кезінде Бас директор Серіктестік мүддесінде адал және парасатты әрекет етуі керек және міндетті.

7.5.4. Серіктестіктің Бас директорына тыйым салынады:

а) Жалғыз қатысушының келісімінсіз Серіктестікпен мүліктік пайда алуға бағытталған келісімдер жасауға (соның ішінде сыйлау, заем, өтеусіз қолдану, сату-сатып алу және т.б. шарттарын қоса);

б) Серіктестіктен, сонымен қатар үшінші тұлғалардан Серіктестікпен үшінші тұлға арасында жасалған келісімдерден комиссиялық сыйақылар алуға;

в) Серіктестікке қатысты үшінші тұлғалардың атынан немесе мүддесінде әрекет етуге;

г) Серіктестік қызметімен бәсекелесетін кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыру.

7.5.5. Жарғының осы тармағының а) - в) тармақшаларында көзделген шектеулер Серіктестіктің Бас директорының жұбайына, барлық тума-туысқандарына, сонымен қатар туған ағалары мен қарындастарына да таратылады.

8-бап.СЕРІКТЕСТІКТІҢ ТАЗА ТАБЫСЫН ОНЫҢ ҚАТЫСУШЫЛАРЫ АРАСЫНДА ТАРАТУ ТӘРТІБІ

8.1. Серіктестіктің бір жылғы қызметі нәтижесінде алынған таза табысты бөлу тиісті жылға Серіктестік қызметінің нәтижелерін бекітуге арналған Серіктестіктің Жалғыз Қатысушысының шешіміне сәйкес жүргізіледі.

Жалғыз қатысушы сонымен қатар Серіктестік Қатысушылары арасында таза табысты немесе оның бір бөлігін таратудан бөліп алу туралы шешім қабылдауға құқылы.

8.2. Жалғыз қатысушы таза табысты бөлу туралы шешім қабылдаған жағдайда Серіктестіктің Жалғыз Қатысушысы бөлінетін табысты алуға құқылы. Серіктестік төлемді Жалғыз қатысушы табысты бөлу туралы шешім қабылдаған күннен бастап бір ай аралығында ақшалай төлеуге міндетті.

8.3. Жауапкершілігі шектеулі серіктестік Серіктестіктің барлық жарғылық капиталын толығымен толық төлегенге дейін табысты таратуға құқығы жоқ.

8.4. Серіктестіктің мүмкін болатын шығындары резервтік капитал есебінен жабылады, оны Серіктестік құрған жағдайда. Шығындарды жабу үшін резервтік капитал жеткіліксіз болған жағдайда оларды жабу көздері туралы шешім Қатысушылардың Жалпы жиналысымен қабылданады.

8.5. Таза табысты бөлуден Серіктестіктің қандай да бір Қатысушысын шығарып тастау келісімі жарамсыз болып табылады.

9-бап. СЕРІКТЕСТІК ҚАТЫСУШЫЛАРЫ МЕН ҮЛЕС ИЕГЕРЛЕРІНЕ СЕРІКТЕСТІК ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ БЕРУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМІ

9.1. Серіктестік Жалғыз Қатысушысының, сонымен қатар үлес иегерлерінің талабы бойынша оның жалғыз қатысушысының мүддесін қозғайтын Серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты ұсынуға міндетті.

Серіктестіктің Жалғыз Қатысушысының мүдделеріне қатысы болатын ақпарат ретінде мыналар мойындалады:

1) Серіктестіктің Жалғыз Қатысушысы, бақылаушы кеңес, атқарушы орган, серіктестіктің тексеру комиссиясы (тексеруші) қабылдаған шешімдер және қабылданған шешімдердің орындалуы туралы ақпарат;

2) Серіктестіктің меншікті капиталының жиырма бес және одан да көп пайызы мөлшерінде Серіктестіктің қарыз алуы;
3) Серіктестіктің меншікті капиталы мөлшерінің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомаға мүлік сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын ірі мәмілені немесе жиынтығында өзара байланысты мәмілелерді жасауы;
4) Серіктестіктің қандай да бір қызмет түрлерін жүзеге асыруға және белгілі бір іс-қимылдарды жасауға арналған лицензияларды алуы, олардың қолданылуын тоқтата тұру немесе тоқтату, сондай-ақ Серіктестік қандай да бір қызмет түрлерін жүзеге асыруға және белгілі бір іс-қимылдарды жасауға бұрын алған лицензияларынан айыруы;
5) Серіктестіктің мүлкіне тыйым салынуы;
6) баланстық құны Жарғылық капитал мөлшерінің он және одан астам пайызын құрайтын Серіктестіктің мүлкі нәтижесінде жойылған төтенше сипаттағы жағдайлардың басталуы;
7) Серіктестікті және оның лауазымды тұлғаларын әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тарту;
8) Серіктестікті еріксіз қайта ұйымдастыру туралы шешім;
9) аудиторлық есеп (болса);
9-1) корпоративтік жау бойынша сотта істі қозғау туралы ақпарат;
10) Серіктестіктің жарғысына сәйкес Серіктестік қатысушысының мүддесіне қатысты басқа ақпарат.

9.2. Серіктестік Жалғыз қатысушы Серіктестіктің атқарушы органына жазбаша сұранысты жібергеннен кейін он күндік мерзімде оның Жалғыз қатысушысының мүддесін қозғайтын ақпаратты ұсынуға міндетті.

9.3. Серіктестік үлесті сатып алу туралы алдын ала сатып алу-сату шартын жасағаннан кейін он күндік мерзімде үлесті сатып алушыға Серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты ұсынуға міндетті. Үлес сатып алушыға ұсынылатын ақпарат көлемі үлесті сатып алу туралы алдын ала шартта белгіленген.

9.4. Серіктестіктің қызметіне қатысты құжаттар оның қызметінің барлық мерзімі ішінде серіктестіктің атқарушы органның орналасқан жері бойынша немесе Серіктестік қатысушыларының Жалпы жиналысының шешімі бойынша өзге жерде сақталуы тиіс.

9.3. Мынадай құжаттар сақталуы тиіс:

- Серіктестіктің Жарғысы, Серіктестік Жарғысына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;
- Жалғыз қатысушының шешімдері; ;
- Серіктестіктің белгілі бір қызмет түрлерін жүзеге асыруға және (немесе) белгілі бір іс-әрекеттер жасауға алған лицензиялары;
- Серіктестіктің өз балансында тұрған (болған) мүлкіне құқығын растайтын құжаттар;
- Серіктестіктің филиалдары және өкілдіктері туралы ереже;
- Серіктестіктің Жалғыз Қатысушысының Шешімдерінің күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдар;
- Серіктестік қатысушыларының Жалпы жиналысын өткізу үшін ұсынылатын Серіктестік қатысушыларының тізімдері;
- Бақылау кеңестің күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдар, бақылау кеңес отырыстарының хаттамалары (сырттай отырыстардың шешімдері);

Өзге құжаттар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген мерзім ішінде сақталады.

9.6. Жалғыз қатысушы ақпаратты алу мақсатында жазбаша түрде Серіктестіктің атқарушы органына жүгінеді. Жалғыз қатысушының жүгінуі Серіктестіктің кіріс құжаттарын тіркеу журналында тіркелуі тиіс. Серіктестік Қатысушыға талап етілетін құжатты (талап етілетін құжаттардың көшірмелерін) жүгіну күнінен бастап он күнтізбелік күн ішінде ұсынуға міндетті.

9.7. Серіктестіктің Жалғыз Қатысушысының талабы бойынша Серіктестік осы Жарғыда және қолданыстағы заңнамада қарастырылған Серіктестіктің қызметіне қатысты құжаттардың көшірмелерін Жалғыз қатысушы Серіктестіктің атқарушы органына жазбаша сұранысты жібергеннен кейін он күндік мерзімде ұсынуға міндетті.

9.6. Серіктестіктің атқарушы органы Серіктестіктің Жалғыз Қатысушысына сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғалғаны туралы ақпарат беруге міндетті. Корпоративтік дау бойынша сотта істі қозғау туралы ақпарат Серіктестік тиісті сот хабарламасын немесе корпоративтік дау бойынша азаматтық іс бойынша шақыруды алған күннен бастап жеті жұмыс күнінен кешіктірмей, Серіктестіктің Жалғыз Қатысушысының шешімімен қарастырылған тәртіпте Серіктестіктің Жалғыз Қатысушысына ұсынылуы тиіс.

9.9. Серіктестік және оның Қатысушылары Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде басып шығарылуы керек өз хабарламалары мен басқа да ақпараттарды басып шығару үшін қолданатын бұқаралық ақпарат құралы болып «Казахстанская правда» газеті табылады.

10-бап. ЕҢБЕК ҰЖЫМЫ ЖӘНЕ ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫ

10.1. Серіктестіктің еңбек ұжымын Серіктестікпен еңбек шарты негізінде еңбек қатынастарында тұрған барлық жеке тұлғалар (бұдан әрі мәтін бойынша Жұмысшылар) құрайды.

10.2. Бас директор Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында орнатылған тәртіпке сәйкес жұмысқа қазақстандық және шетел мамандарын тарта алады.

10.3. Бас директор Серіктестік жұмысшыларын қабылдауды, орнын ауыстыруды және жұмыстан босатуды өз еркімен жүзеге асырады, Жұмысшыларды қызметке алу, оларды ауыстыру және жұмыстан босату туралы бұйрықтар шығарады, жұмысшылармен Серіктестік атынан жеке еңбек және/немесе ұжымдық шарттар жасайды, Жұмысшылардың штаттық кестесін және жұмыс режимін бекітеді, еңбек ақы төлеу жүйесін анықтайды, лауазымдық жалақы және жеке үстемелер мөлшерін орнатады, сыйақы мәселелерін шешеді, үстем ақы шараларын қабылдайды және тәртіптік жазалар береді; жыл сайынғы төленетін және басқа да демалыстарды анықтайды және көлемін және беру тәртібін орнатады;

10.4. Әр жұмысшының еңбек табысы ең жоғарғы мөлшермен шектелмейді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес беріледі.

10.5. Серіктестік жұмысшыларға Қазақстан Республикасының заңнамасында орнатылған тәртіппен және шарттарда әлеуметтік кепіл беруді кепілдейді. Серіктестік өз бетімен өз қызметін кадрлық қамту мәселелерін шешеді.

10.6. Серіктестік, өз Жұмысшылары үшін қосымша еңбек және әлеуметтік жеңілдіктер орнатуға құқылы (Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделгеннен бақалары).

10.7. Серіктестік барлық жұмысшылары үшін еңбектің қауіпсіз шарттарын қамтамасыз етуге міндетті және заңнамамен орнатылған тәртіпте оның жұмысшыларының денсаулығына және еңбекке қабілеттілігіне келтірілген залалдарға жауап береді.

11-бап. СЕРІКТЕСТІК ПЕН ҚАТЫСУШЫ АРАСЫНДАҒЫ ӨЗАРА ҚАТЫНАСЫ

11.1. Серіктестік пен Серіктестіктің Жалғыз Қатысушысы арасындағы қарым-қатынас өзара сенім, құрмет, есептілік және бақылау негізінде жасалады.

11.2. Серіктестіктің Жалғыз Қатысушысы Серіктестік жұмысшыларымен бірдей, өз кәсіби функцияларын мүдделердің қайшылығын болдырмай, Серіктестік мүддесінде сәйкес күтім және қамқорлықпен адал әрі саналы орындауы керек. Олар өз қызметінің толық сәйкестілігін тек заңнама талаптарымен және осы Жарғының ұстанымдарымен ғана қамтамасыз етіп қоймайды, сонымен қатар олар этика стандарттары мен іскери этиканың жалпымен қабылданған нормаларын қамтиды.

11.3. Қарама-қайшылықтар туындаған жағдайда қатысушылар Серіктестіктің іскери беделін, сонымен қатар Қатысушылардың құқын тиімді қорғауды қамтамасыз ету мақсатында келіссөздер арқылы оларды шешу жолдарын анықтайды.

Қарама-қайшылықтарды келіссөздер жүргізу жолымен шешу мүмкін емес болған кезде, олар заңнамаға сәйкес қатал шешілуі керек.

11.4. Серіктестік Қатысушының Серіктестікті басқаруға қатысуының ажырамас құқын мойындайды және осы Жарғының 5-тармағында көзделген оның негізгі құқықтары мен міндеттерінің іске асуын қамтамасыз етеді.

11.5. Серіктестік Серіктестік жарғысымен көзделген тәртіпте олардың мүддесін қозғайтын қызметі туралы ақпаратты Серіктестік назарына жеткізуі керек.

11.6. Серіктестік Қатысушыларды оның қаржылық-шаруашылық қызметі және олардың нәтижелері туралы ақпаратпен қамтиды. Әсіресе бұл Қатысушылар үшін негізделген және мөлдір болуы керек келісімдерге қатысты.

11.7. Серіктестіктің атқарушы органы Серіктестік қызметінде жоспарланатын өзгертулерді негіздеуге және Қатысушылар құқын сақтау мен қорғаудың нақты перспективаларын беруге міндетті.

12-бап. СЕРІКТЕСТІК ҚЫЗМЕТІН ТОҚТАТУ

12.1. Серіктестік қызметі Серіктестіктің Жалғыз Қатысушысы немесе сот шешімімен қайта ұйымдастыру немесе тарату жолымен жүзеге асырылады.

12.2. Серіктестік қызметін тоқтатуға негіз келесі жағдайлар болуы мүмкін:

1) егер жарғылық капиталды азайту нәтижесінде оның мөлшері минималды мөлшерден аз болса;

2) егер қатысушылар заңмен белгіленген мерзімдерде Серіктестіктің жарғылық капиталын құрмаса.

12.2.2. Жарғылық капиталды азайту нәтижесінде оның мөлшері Қазақстан Республикасының «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Заңының 23-бабының 2-тармағында қарастырылған минималды мөлшерден аз болса, сонымен қатар егер қатысушылар аталған Заңның 24-бабының 2-тармағында белгіленген мерзімдерде серіктестіктің жарғылық капиталын құрмаса, онда жалғыз қатысушы бір жыл ішінде тиісті қосымша жарналарды жарғылық капиталға салуы тиіс. Кері жағдайда серіктестік мүдделі тұлғалардың өтініші бойынша сот шешімімен таратылуы тиіс.

12.3. Серіктестікті қайта ұйымдастыру (біріктіру, қосу, бөлу, ерекшелеу, түрлендіру) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіп бойынша жүргізіледі.

12.4. Жауапкершілігі шектеулі серіктестік Серіктестіктің Жалғыз қатысушысының шешімі бойынша таратылуы тиіс.

12.5. Соттың шешімі бойынша жауапкершілігі шектеулі серіктестік келесі жағдайларда таратылуы мүмкін:

1) банкротқа ұшырағанда;

2) Серіктестікті құру кезінде заңнаманы бұзу салдарынан болған тіркеуді жарамсыз деп танығанда;

3) қызметін қажетті рұқсатсыз (лицензиясыз) жүзеге асырғанда немесе заңнамалық актілермен тиым салынған, немесе заңнаманы бірнеше рет және дөрекі бұзған жағдайда;

4) Заңнамалық актілермен қарастырылған басқа да негіздерде.

12.5. Тарату Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамада қарастырылған тәртіппен жүзеге асырылады.

12.6. Серіктестік өз қызметін тоқтатқан болып ол туралы Заңды тұлғалардың бірыңғай мемлекеттік тізіліміне жазба енгізген сәттен бастап есептелінеді.

13-бап. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

13.1. Осы Жарғы Серіктестікті Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында орнатылған тәртіппен мемлекеттік қайта тіркеуден өткізген сәттен бастап күшіне енеді.

13.2. Осы Жарғы бірдей заңды күшке ие мемлекеттік тілдегі үш данада және орыс тіліндегі үш данада жасалған.

Жалғыз қатысушы:

Данилов Бедран Нимрудович .....

Данилов Бедран Нимрудович

Утвержден
Решением единственного участника
(Решение № 2 от «12» сентября 2017 г.)

УСТАВ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ

«БСК Секьюрити»

Алматы-2017

Статья 1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

1.1. Товарищество с ограниченной ответственностью «БСК Секьюрити», именуемое в дальнейшем «Товарищество», является юридическим лицом, созданным в соответствии с Гражданским Кодексом Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан от 22.04.98г. «О товариществах с ограниченной и дополнительной ответственностью» и иными законодательными актами.

1.2. Участниками Товарищества являются:

- **Данилов Бедран Нимрудович** - гражданин Республики Казахстан, удостоверение личности №041270833, выдано МВД Республики Казахстан 27.02.2017-26.02.2027 года, ИИН 630221301050, проживающий по адресу: город Алматы, Жетысуский район, ул.Панфилова, дом 80, квартира 30.

1.3. Официальное (фирменное) наименование юридического лица:

- на русском языке - Товарищество с ограниченной ответственностью «БСК Секьюрити», сокращенно ТОО «БСК Секьюрити»;
- на казахском языке - Жауапкершілігі шектеулі серіктестік «БСК Секьюрити», сокращенно ЖШС «БСК Секьюрити».

1.4. Форма собственности - частная.

1.5. Место нахождения (юридический адрес) ТОО «БСК Секьюрити» (далее по тексту «Товарищество»): Республика Казахстан, 050013, город Алматы, Бостандыкский район, улица Габдуллина, дом 6, квартира 2.

1.6. Срок деятельности Товарищества не ограничен. Товарищество является субъектом среднего предпринимательства.

Статья 2. ЮРИДИЧЕСКИЙ СТАТУС

2.1. Товарищество приобретает права юридического лица с момента его государственной регистрации.

2.2. Товарищество обладает на праве собственности обособленным имуществом, имеет фирменное наименование, самостоятельный баланс, текущий и иные счета в банках и других кредитных учреждениях, круглую печать со своим наименованием, фирменные бланки, товарный знак и другие необходимые реквизиты.

2.3. Товарищество для достижения целей своей деятельности имеет право от своего имени заключать сделки, приобретать и осуществлять имущественные и личные неимущественные права, нести обязанности, быть истцом и ответчиком в суде.

2.4. Товарищество вправе создавать на территории Республики Казахстан и за ее пределами филиалы и представительства, вступать в консорциумы, объединения (союзы) с другими юридическими лицами.

2.6. Товарищество может быть учредителем (участником) и/или акционером других юридических лиц.

2.7. Товарищество имеет право строить, приобретать, отчуждать, брать в аренду в Республике Казахстан и за рубежом любого рода движимое и недвижимое имущество.

